

2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасы азаматтарын кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі № А-5/198 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 мамырда № 1-12-110 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № А-2/32 қаулымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010.02.19 № А-2/32 қаулымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Әскери қызмет және әскери міндет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына, Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 799 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын жүзеге асыру», Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» № 128 бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы «Жарқайың ауданы қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының азаматтарын кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру қамтамасыз етілсін және ұйымдастырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес құрамында азаматтарды шақыруды ұйымдастырып өткізу үшін аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

3. 2009 жылдың сәуір-маусымында және 2009 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылуға тиісті азаматтарды шақыруды өткізу к е с т е с і б е к і т і л с і н .

4. Ауыл округтері, Державин қаласының әкімдеріне, ұйым және кәсіпорын басшылары (келісім бойынша):

1) әскерге шақырылушылардың аудандық әскерге шақыру комиссиясына уақытылы келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды әскерге шақыру, стационарлық қаралу, емделу үшін уақытында жұмыстан босатсын.

5. «Әскери қызмет және әскери міндет туралы» Қазақстан Республикасың Заңына сәйкес Ақмола облысының денсаулық сақтау Басқармасы жанындағы «Жарқайың аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігеріне (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) әскерге шақыру комиссиясына әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыру үшін бөлме бөлу;

2) денсаулық сақтау Министрінің 2005 жылғы 16 наурыздағы № 117 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 100 бұйрығымен бірлесе бекітілген «Қарулы күштердегі, Қазақстан Республикасының өзге әскери жасақ және әскери құрылуындағы әскери-дәрігерлік сараптама ережелері» № 7 қосымшасына сәйкес әскерге шақыру комиссиясын қажетті құралдармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету;

3) азаматтардың жедел әскерге шақырылуы өткізілгеннен кейін және «Ақмола облысы Жарқайың ауданы қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесі емделуге мұқтаж әскерге шақырылушылардың тізімін ұсынғаннан кейін, олар емдеу мекемелеріне бекітілсін және азаматтардың кезекті әскерге шақырылуына дейін емдеу жүргізуді қамтамасыз ету;

6. «Әскери қызмет және әскери міндет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Ақмола облысы ішкі істер Департаментінің Жарқайың ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына(келісім бойынша) ұсынылсын:

1) «Ақмола облысы Жарқайың ауданы қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тергеуде жүрген немесе жазасы үшін міндетін өтеп жүрген әскерге шақырылушылар туралы ақпараттандыру;

2) әскерге шақыру учаскесінде әскерге шақыру кезінде және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жіберуді өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне шақырылудан бас тартып жүрген тұлғаларға уақытылы іздеу жүргізу;

4) ауылдық округтер, Державин қаласының әкімдеріне аудандық әскерге шақыру комиссиясына келмеген міндетті тұлғалардың жеткізілуіне жәрдем көрсету.

7. Жарқайың ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 9 сәуірдегі № А-4\117 «2008 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы азаматтарын кезекті жедел әскери қызметке шақыруды өткізуді қатамасыз ету және ұйымдастру туралы» қаулысының (Аумақтық нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 1-12-87 болып тіркелген, 2008 жылдың 25 сәуірінде № 17 «Целинное знамя» газетінде жарияланған) күші жойылған деп саналсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ұ.А.Ахметоваға жүктелсін.

9. Осы қаулының қолданысы 2009 жылдың 17 сәуірде туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

10. Осы қаулы Жарқайың ауданының әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының

әкімі

А.Қалжанов

КЕЛСІЛГЕН:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің Жарқайың ауданының Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

А.Ш.Сұрағанов

«Ақмола облысы Жарқайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Д.Б.Ділдебаев

«Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы Жарқайың аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорынының бас дәрігері

Ж.Қ. Сейдахметов

Жарқайың

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

30

сәуірдегі

№

А-5/198

қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Жарқайың аудандық әкімдігінің 2009.09.14 № А-9/349 Қаулысымен

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Дулат Бәкірұлы Ділдебаев «Ақмола облысы Жарқайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы
(келісім бойынша)

Ирина Владимировна Платонова Жарқайың ауданы әкімі аппараты жалпы бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары»

Комиссия мүшелері

Жеңіс Айтпайұлы Қарақойшынов «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің Жарқайың ауданының Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Ідіріс Шылбырбайұлы
Өмірзақов медициналық комиссияның төрағасы, «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы Жарқайың аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны хирургия бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)

Светлана Васильевна
Стеблянко «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы Жарқайың аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының медициналық бикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

«Ақмола облысы Жарқайың ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» Мемлекеттік мекемесінде 2009 жылдың

		21		
	17			
16				
			8	
		28		
6				
5				
			25	37
49	35	49	33	37

№ т/б	Ауылдың аумақтың атауы	Барлығы шақырылуға Жататындар саны	Шақыруды өткендер	Келу күндері бойынша				
				5 . 10 . 09	6 . 10 . 09	7 . 10 . 09	8 . 10 . 09	9 . 10 . 09
1	Баранкөл	5		5				
2	Бірсуат	10				10		
3	Уәлихан	20			20			
4	Гастелло	21			21			
5	Далабай	9		9				
6	Зерноград	9			9			
7	Кумсуат	12				12		
8	Костычев	18					18	
9	Львовск	11		11				
10	Нахым	12		12				
11	Отрадный	21						21
12	Пригородный	17					17	
13	Пятигорск	16				16		
14	Тасөткел	8		8				
15	Тассуат	8						
16	Жанадалы	28						28
17	Ушқарасу	6				6		
18	Шоиндыкөл	5				5		
19	Қала	62						
20	Барлығы	298		45	50	49	35	49

4 . 11 . 09	13 . 11 . 09	18 . 11 . 09	25 . 11 . 09	10 . 12 . 09	28 . 05 . 09	28 . 12 . 09

8						
25	37					
33	37					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК